

*Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-
түрік университеті
Шымкент медицина институты*

Тақырып: Эко және сурагат ана

Суррогат ана

- Суррогат ана - баланы ұрықтандыру мен тууында үш адам қатысатын қосымша репродукциялық технология. 1) генетикалық әке - өзінің шәуетін ұрықтандыру үшін берген және бала туғаннан кейін әкелік міндетті өзіне алуға келіскен тұлға; 2) генетикалық ана - өзінің аналық жасушасын ұрықтандыру үшін берген және бала туғаннан кейін аналық міндетті өзіне алуға келіскен тұлға; 3) суррогат ана - бала туатын жастағы, ақылы немесе ақысыз негізде генетикалық ата-аналардан бала көтеруге және тууға келіскен және осы баланың анасы рөліне таласпайтын әйел.

- Суррогат ана қызметтері заңмен тыйым салынған әлемнің Франция, Германия, Австрия, Норвегия, Швеция тәріздес елдерімен салыстырғанда, суррогат ана Қазақстанда заңнамалық деңгейде рұқсат етілген.
- Қазақстанда суррогат ана өзінің бастауын 1998 жылдан бастайды, ол кезде «Неке және отбасы туралы» заң қабылданды, ол қосымша репродукциялық технологиялардың әдісін пайдалану құқығын берді. 1999 жылы Адам репродукциясы орталығында суррогат ананың бірінші бағдарламасын жүргізді. 2004 жылы «Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заң шықты. 2009 жылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс шықты. Бұл құжаттарда суррогат ананың құқықтық негізі баяндалды.

- 2012-жылғы 7-ақпанда «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілді. 1998-жылғы 17-желтоқсандағы бұрын қолданыста болған «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшін жойған болып танылды. Сонымен, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінде 9-бөлім «Суррогат ана және қосымша репродукциялық әдістер мен технологияларды қолдану» бөлімі бар.

Суррогат анаға қойылатын талаптар

- Кодекстің 54-бабы суррогат ана шартын қарастырады, ол Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын сақтау арқылы жазбаша түрде жасалады және міндетті нотариалдық куәландыруға жатады. Суррогат ана шартымен бірге ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) сәйкес қызмет көрсететін, қосымша репродукциялық әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйыммен шарт жасайды.
- Кодекстің 56-бабы суррогат анаға қойылатын талаптарды бекітеді.

- Біріншіден, суррогат ана болуды қалайтын әйел жиырмадан отыз бес жас аралығында болуы, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған қанағаттанарлық дене, психикалық және репродукциялық денсаулыққа ие болуы тиіс, сонымен қатар өзінің дені сау баласы болуы тиіс.
- Екіншіден, егер суррогат ана тіркелген некеде (ерлі-зайыптылық) тұрған жағдайда, суррогат ана шартын жасағанда ерінің жазбаша келісімін беруі тиіс, ол нотариалдық тәртіпте расталуы тиіс.
- Үшіншіден, қосымша репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйым олардың қолданылуы туралы балалы болуды қалайтын тұлғалар немесе донорлық банк үшін қолданылған биоматериалдар туралы толық және жан-жақты ақпарат бар қорытынды шығаруға міндетті.

- Қорытындының бір данасы суррогат ананың нотариалдық расталған шартына тіркеледі және келісім жасалған орында сақталады.
- Кодекстің 59-бабына сәйкес, суррогат ана шарты негізінде қосымша репродукциялық әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туылған баланың ата-анасы болып ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) танылады. Басқа сөзбен айтқанда, баланың генетикалық анасы туылғаннан кейін бірден сәбидің анасы болып ресми жазылады және сол сәттен бастап суррогат ананың бұл балаға ешқандай қатысы болмайды.

- Генетикалық ата-аналар суррогат ананың медициналық бақылау, қосымша репродукциялық әдістер мен технологиялардан өтуімен байланысты материалдық шығындарды өтеуге; жүктілік кезеңінде, босану және босанған кейін елу күн ішінде, ал жүктілік және босанумен байланысты асқынулар болған жағдайда - босанғаннан кейін жетпіс күн бойы медициналық қызметтерді төлеуге міндетті. Суррогат ана үнемі дәрігерге қаралып, оның нұсқаулықтары мен тағайындауларын қатаң орындауы тиіс; «тапсырыс берушілерге» жүктілік ағымы туралы үнемі ақпараттандыруы тиіс, ал ең бастысы - суррогат ана бағдарламасы бойынша оның туған баласын «тапсырыс берушілерге» беруі тиіс.
- Суррогат ана мен сәйкес медициналық процедураларды іріктеу бойынша қызметтерді Қазақстанда ЭКО орталықтар мен мамандандырылған суррогат ана орталықтары жүргізеді







Ұрықтандыру, қолдан эко

- Ұрықтандыру, қолдан эко - күйлеген аналық малдың қынабына аталықтың ұрығын қолдан жіберу, яғни қолдан ұрықтандыру.
Ұрықтандыру мал шаруашылығы саласындағы ірі жетістік болып табылады. Ұрықтандыру арқылы жоғары өнімді асыл тұқымды аталық ұрығымен бір кезеңде көптеген аналық малды ұрықтандырып, бір жылда оған тартқан мыңдаған төл алып, нәтижелі тұқымдық асылдандыру жұмысын жолға қоюға болады. Ұрықтандыруда аталық мал ұрығының сапасын алдын ала тексеріп, түрлі жыныс ауруларына жол бермеуге жол ашылады. Ұрықтандыруды жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтар мен ол істі жете менгерген білікті маманы болуы керек. Ол әр мал түлігінен ұрық алып, сақтап, бөліп, онымен күйлеген малды шебер ұрықтандыруға білуі керек. Мал түліктерімен қоса құс мекиендері де ұрықтандыруды.

Эко орталық

- Қазақстанда бедеулікті емдейтін алғашқы «Экомед» клиникасы ашылған сәттен бастап, 15 жыл бойы көптеген ерлі-зайыпты жұптар бала сүю бақытына ие болды. Емдеудің басқа барлық түрлері тиімсіз болып, экстракорпоральдық ұрықтандыру әдісі арқылы (халықта мұны «шыныда өсіру» деп те атайды) жүкті болу жағдайлары және басқа да көптеген жайлар жөнінде Қазақстан әйелдерінің V форумы және әйелдердің көктем мерекесі - Наурыздың 8-і қарсаңында ҚазАқпарат тілшісіне «Экомед» клиникасының басшысы, биология ғылымдарының кандидаты **Салтанат Байқошқарова** әңгімелеп берді. Жақында біздің кейіпкеріміз «Хабар» және «Еларна» телеарналарының жаңа жобасы - «Қазақстан әйелі» конкурсында еліміздің ең беделді әйелдерінің арасында жетінші орынға ие болды.

ЭКО-ның мәнісі мынадай:

- аналық безден өсім беретін аналық жасушаны алынып, әйел организмнен тыс жерде ұрықтандырылып, алынған эмбрион арнайы жағдайда өсіріп, белгілі бір мерзімнен кейін әйелдің жатырына салынады. Бұрын бәрі де ЭКО-ның классикалық әдісін қолданып келген болса, бүгінде ол көптеген басқа әдістердің базалық негізі болып қалды. Бұл бағытта медицина алға шығып кетті. Шетелдік әріптестерімізден кейін біз де ИКСИ дегенді қолданатын болдық. Егер бұрын еркектер ұрықтың белсенділігі төмен болуының салдарынан бала туғызуға қабілетсіз болып келсе, енді ИКСИ көмегімен бұны түзетуге болады, яғни, пункциондық биопсия арқылы аталық безден бір ғана ұрықты алып, мәжбүрлі түрде аналық жасушаны ұрықтандыру арқылы бала туғызуға болады.

- - Кез келген дағдарыс адамдардың денсаулығына әсер етеді, сондықтан да дәрігерге жұмыс табылады. Дегенмен жалпы көзқараспен алғанда, дағдарыс адамдардың ойын-сауықтардан бас тарта тұруына, әсіресе бізде қалып болып кеткен шашыла тойлаудан, қымбат машина алудан үнемдеп, ақшасын денсаулығын түзеуге немесе қандай да бір ауру-сырқаудың алдын алуға жұмсауға үйретеді ғой деп ойлаймын. Жеке медициналық орталықтың басшы ретінде дағдарыс салдары әлі алда деп ойлаймын. Несиелік гүлдену кезеңі аяқталды, бірақ ол ол менің миссиямды - ғылымды дамытуға, адамдарға пайда келтіруге күш-жігерімді жұмсауды тоқтата алмайды. Менің бір емделушім ЭКО-ны үшінше рет пайдалану әрекетінен кейін отбасы егіз сәбилі болды.



- - ЭКО-ның кейде тиімсіз болатын себебі неде, пациент нешінші ретте жүкті бола алады, Сіздің көмегіңізбен дүниеге келген сәбилердің арасында қайсысы көп - ұлдар ма, әлде қыздар ма?

- ЭКО әдісімен емдеудің оң нәтижесі жасы, бедеуліктің ұзақтығы, пациенттердің денсаулық жағдайы, аналық бездердің гармоналдық ықпалға әсері, аналық жасуша мен ұрықтың сапасы, алынған эмбриондардың сапасы мен саны сияқты көптеген факторларға байланысты, оның ішінде жұптардың бұған психологиялық даярлығын да жатқызуға болады. Әр пациенттің дәрілік препараттармен емделудегі қабылдауы әртүрлі, әрбір келесі цикл алдыңғысынан өзгеше екенін есте ұстаған абзал. Сондықтан ЭКО-мен емделуге алғашқы әрекетте нәтиже болмағанмен, келесі жолы жүкті болу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Егер 20 жастағы жас жұбайлардың бір циклдағы табиғи жолмен ұрықтану мүмкіндігі 15-20 пайыз болатынын ескеретін болсақ, бүгінде бір етеккірі циклындағы тиімділік 15 пайыздан 40 пайызға дейінгі көрсеткішті құрап отыр, бұл жеткілікті жоғары көрсеткіш, бізде жүкті болғандардың 50-60 пайызы егіздер, тіпті сирек те болса үшем босанып жатқандары да бар. Аналық жасушылар мен эмбриондар неғұрлым көп алынса, солғұрлым жүкті болуы мүмкіндігі көп. Артық эмбриондарды біз тоңазытып қоямыз, оны әйел келесі жолы пайдалана алады.

- **Көптеген болашақ ата-ананы жасанды жолмен ЭКО арқылы ұрықтандырған баланың денсаулығы толғандыратын шығар?**

- Жүргізілген зерттеулер олардағы патологиялық ауытқулар кәдімгі табиғи жолмен ұрықтанған балалардан аспайды. Бұдан басқа, ЭКО бағдарламасы бойынша имплантация алдындағы генетикалық диагностика көмегімен туған балаларда Дауна синдромы, муковисцидоз, гемофилия, талассемия сияқты және басқа да генетикалық ауытқушылықтарды болдырмауға әбден болады. Ата-аналардың айтуынша, осындай балалар басқаларға қарағанда зерек болып келеді. Тағы бір пробемаға тоқталып өткім келеді. Бізге көбіне басқа гинекологтарда сәтсіз емделген немесе емделуді ақырына дейін жеткізбеген пациенттер келеді. Сонда дәрігер дипломын алып шыққандардың бәрі бірдей, атына заты сай болып шықпағанына көзіміз жетеді. Бедеулікті емдейтін мамандар жоғары білікті болуы, білімге ұмтылып, өздерін қамшылап жетілдіре түсулері тиіс, олардың жаңа жетістіктер, әдістемелер, жасалымдар, жыл сайын жаңадан шығып жатқан жабдықтар туралы ақпараттарды жалықпай іздестіріп, зерделеп отырулары тиіс. Бүгінде медициналық жоғары оқу орындарында 9 жыл оқытылатын көрінеді деп айтылып жүр, меніңше бұдан да көп оқу керек.

- ЭКО көмегін ұлғайту мәселелерін көтергім келеді. Қазақстанда бүгінде ЭКО көмегімен бала сүйгісі келетін әлеуметтік жағынан қорғалмаған әйелдер бар. Олар үшін бұған - үлкен ақша. Әлемнің көптеген елдерінде біздің репродукция саласына белгілі бір қолдаулар жасалады. Мәселен, Израильда ЭКО көмегімен ең болмағанда 30-40 жүкті болу әрекеті жасалады. Ресейде мұндай бағдарлама екі жылдан бері жұмыс істейді, ондағы ерекшелік - 35 жасқа дейінгі бала тууға мүмкіндігі бар жас әйелдерге жатыр түтігі проблемасына байланысты бедеулікке ұшырағандарға бір-екі әрекет жасауға көмектеседі. Украинада жылына ЭКО-ның 600 циклы тегін жүргізіледі. Қазақстанда жылына мың әйелге мемлекет көмектесе, кем дегенде 200-300 бала дүниеге келер еді. Бұл едәуір жақсы демографилық көрсеткіш деген сөз.

